



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

## Жүзеге асырылатын бірлескен жобалар

Премьер-министр Елихан Смайыловтың төрағалығымен өткен кеңесте Сауд Арабиясы Корольдігімен бірлескен инвестициялық жобаларды жүзеге асыру мәселелері талқыланды.

Атап айтқанда, Жетісу облысында қуаттылығы 1 ГВт болатын ірі жел электр стансасын салу жобасы талқыланды. Қазіргі уақытта дайындық жұмыстары жүріп жатыр, соңғы келісімге қол жеткізілгеннен кейін, 2025 жылы құрылысты



бастау жоспарланған.


Премьер-министр әкімшілік рәсімдерді жеделдетуді және орталық мемлекеттік органдар тарапынан барлық қажетті шешімдерді бір күнде әзірлеуді тапсырды.

Сондай-ақ кеңесте ауыл шаруашылығы, фармацевтика, металлургия және т. б. салаларда жаңа жобаларды жүзеге асыру мәселелері талқыланды.

Елихан Смайылов Сауд Арабиясының инвесторларымен жұмысты барлық деңгейде жандандыру қажеттігін, атап айтқанда, Қазақстан Сыртқы істер министрлігі, Қазақстанның Жиддадағы дипломатиялық өкілдігі, «Kazakh Invest» ұлттық компаниясы және басқа да мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдар белсенді позицияны ұстануы, сондай-ақ әлеуетті жобалар пулын мұқият зерделеу қажет екенін атап өтті.

Премьер-министр Үкіметаралық комиссияның таяуда болатын отырысы қарсаңында екі ел кәсіпкерлерінің қатысуымен тақырыптық бизнес-форум ұйымдастыруды тапсырды.

## Ақпараттық қауіпсіздіктің маңызы



өзгерістер мен толықтырулар енгізуді көздейді.

Қаралып жатқан түзетулермен уәкілетті орган ретінде Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнаманың сақталуын мемлекеттік бақылау жөніндегі қосымша функция беру жоспарланып отыр. Сонымен қатар ұлттық мүддені қорғау және еліміздің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін иммигранттардың жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелерін ұсынудың міндетті тетігін енгізу көзделіп отыр.

Сенаттың Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің депутаттары кеңейтілген отырыста ақпараттық қауіпсіздік, ақпараттандыру және цифрлық активтер мәселелеріне қатысты заңды талқылады. Заң Әкімшілік құқық бұзушылық, Кәсіпкерлік, Еңбек және Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы кодекстерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының он заңына

Депутаттар отырыс қорытындысы бойынша заңды Палатаның қарауына жіберу туралы шешім қабылдады.

«Созақ үні»-ақпарат.



## Президент Жоғарғы Сот төрағасы Асламбек Мерғалиевті қабылдады

Жоғарғы Сот төрағасы Асламбек Мерғалиев Мемлекет басшысына сот жүйесінің қазіргі қызметі жөнінде мәлімет берді.

Асламбек Мерғалиев Президенттің дербес кассациялық инстанция құру үшін консультациялар өткізу туралы тапсырмасының орындалу барысы туралы баяндады. Заңгерлермен, ғалымдармен, бизнес-қоғамдастық өкілдерімен және Парламент палаталарының депутаттарымен бірлесе талқылау жұмыстары жүргізіліп, соның негізінде елордада (қылмыстық, азаматтық жә-

не әкімшілік істер бойынша) үш кассациялық сот құру моделіне оң баға берілді.

Жоғарғы Сот алдын ала қарау институтын жоюды, «толық кассацияны» қолдануды, қаралуы 6 айдан аспайтын «ақылға қонымды мерзім» белгілеуді, сондай-ақ тараптардың міндетті түрде қатысуымен сот процесін жүргізуді ұсынады. Өз кезегінде, жоғары сот органы қадағалау ісіне және сот практикасының бірыңғай болуын қамтамасыз етуге ба-са мән береді.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаевқа әкімшілік

әділеттің жұмысы мен халықаралық ынтымақтастықты дамыту мәселесі жөнінде айтылды. Жоғарғы Сот төрағасы цифрландыру және сот қызметінің ашықтығы мен сот төрелігінің қолжетімді болуын жақсарту мақсатында жасанды интелект элементтерін енгізу жайында айтты.

Мемлекет басшысы сот жүйесінде жүргізіліп жатқан реформалардың сапасына және барлық сатыдағы істерді қарау кезінде заңдылықты қамтамасыз етуге ерекше назар аударды.

## Жаңа жылдан соң елімізде зейнетақы мөлшері қалай өседі?

2024 жылы зейнетақының қай түрлері қанша теңгеге артады? Бұл сауалға Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жауап берді.

Анықталған дерекке қарағанда, зейнетақы алушының жасына және еңбек сіңірген жылдарына байланысты жыл сайын республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген мөлшерде көтеріледі.

«Әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкес, 2024 жылға арналған инфляция деңгейі 6-8 пайыз дәлізде көзделетінін ескере отырып, «2024-2026 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» заң жобасында жасына және еңбек сіңірген жылдарына байланысты зейнетақы төлемдеріне бағытталған қаражат олардың мөлшерінің 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап 9 пайызға өсуін ескере отырып көзделеді», - деп жазды министрлік.

Ал мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшері 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап 7 пайызға өседі.

«Бұдан басқа, 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша базалық зейнетақының ең төменгі мөлшері 60 пайыздан 65 пайызға дейін, ал ең жоғары мөлшері-республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі



күнкөріс деңгейінің 100 пайызынан 105 пайызға дейін артады», - деген ведомство.

Сондай-ақ, бюджет туралы заң жобасында 2024 жылы ең төменгі зейнетақы 57 853 теңге, ал базалық зейнетақы төлемінің ең төменгі мөлшері 28 215 теңге болады деп көзделгені айтылған.

2024 жылы жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің ең жоғары мөлшері 152 295 теңгеге жетеді. Бұған қосымша мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі ұсынылады, оның ең жоғары мөлшері 2024 жылы ең төменгі күнкөріс деңгейінің 105 пайызына тең, яғни 45 578 теңге болады. Зейнетақы төлемдерінің жалпы сомасы - 197 873 теңге.





## Депутаттар бала күтіміне байланысты төленетін жәрдемақы мерзімін тағы ұзартуды ұсынды

Мәжіліс депутаты Қайрат Балабиев депутаттық сауалында толық емес отбасылар, жалғызбасты ана және жалғызбасты әкелердің әлеуметтік қорғалуы туралы мәселені көтерді, деп хабарлайды BAQ.KZ тілшісі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Отбасы мәселесіне үнемі қолдау танытып, басымдық беретіндігі барша-мызға белгілі. АМАНАТ партиясы толық емес отбасы-

лардың, асыраушысынан айырылған отбасылардың және жалғызбасты аналардың, жалғызбасты әкелердің әлеуметтік жағдайын қолдау, ол отбасыларындағы балалардың қалыптасып, дамуы туралы жүйелі шараларды жүзеге асыруға байланысты мынадай ұсыныстарды енгізеді, - деді депутат.

1.Қазақстандағы барлық әйел мен жалғызбасты әкелерге бала күтіміне байла-

нысты төленетін жәрдемақы мерзімін 3 жылға дейін ұзартуды ұсынамыз.

2.Жұмыссыз жалғызбасты аналар және жалғызбасты әкелердің бала күтіміне байланысты ай сайынғы әлеуметтік төлем мөлшерін заңда бекітілген күнкөріс минимумына теңестіруді сұраймыз.


3.Жалғызбасты аналар және жалғызбасты әкелердің балаларына мемлекеттік балабақшадан орын алу үшін кезекте басымдық

беруді, мектептерде спорт секцияларына және шығармашылық үйірмелерге тегін қатысуын қамтамасыз етуді, еңбек нарығындағы сұранысқа ие мамандықтарға кәсіби бағдар жұмысының бағдарламасын қабылдап, грант негізінде білім алып, еңбекке араласуын қарастыратын бағдарлама қабылдауды сұраймыз.

«Сөзақ үні»-ақпарат.

## КЕЗЕКТІ АППАРАТ МӘЖІЛІСІ ӨТТІ

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбековтің төрағалығымен кезекті аппарат мәжілісі өтті. Мәжілістің күн тәртібіндегі мәселе ауданның негізгі әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің 9 айында орындалуы бойынша аудан әкімдігінің экономика және қаржы бөлімінің басшысы Ербол Айдарбеков хабарлап, «Ауыл-Аманаты» бағдарламасы бойынша атқарылған шаралар жөнінде ауылшаруашылық және кәсіпкерлік бөлімінің басшысы Қайырбек Мейірманов баян-



дады.

Сондай-ақ аудан басшысы мемлекеттік сатып алу және аудан көлемінде жүргізіліп жатқан құрылыс жұмыстарына жан-жақты тоқталып, бұл бағыттағы жұмыстарды назарға алды.

Күн тәртібінде қаралған мәселелер бойынша жауапты сала мамандарына тиісті жұмыстарды дер кезінде үйлестіріп, әрбір іске аса жауапкершілікпен қарауды тапсырды.

## СОЗАҚ АУЫЛЫНДА 1030 ОРЫНҒА АРНАЛҒАН СТАДИОН АШЫЛЫП, ЕЛ ИГІЛІГІНЕ ҰСЫНЫЛДЫ

Бүгін Созақ ауданының 95 жылдық мерекесі аясында Созақ ауылында заман талабына сай жабдықталған 1030 орындық спорт алаңы ашылып, ел игілігіне ұсынылды.

Спорт нысанының ашылу салтанатында аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков барша ауыл тұрғындарын жаңа нысанның ашылуымен құттықтады.

-Биылғы жылы аудан көлемінде спорт саласы бойынша тиісті жұмыстар атқарылды. Бір қатар балалар ойын алаңы мен футбол алаңшалары ашылды. Бүгін міне 1030 орынға арналған үлкен футбол алаңы ел игілігіне ұсынылып отыр. Аудан жастарының болашаққа деген сенімін нығайтып, бос уақытын тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін жобалар әр кез назардан тыс қалмайды,-

Таңат Нәсербаев шараға арнайы қатысып, құттықтауларын жеткізді. Өскелең ұрпақ салауатты өмір салтын ұстаып, жаңа нысан тәнін шынықтыратын орынға айналатынына өз сенімдерін білдірді.

Ауылдың белсенді азаматы Балкерім Пернебаева ауыл жастары атынан игі іске арқау болған барша азаматтарға өз алғысын жеткізді. Жасөспірімдер арасында футболдан жарыс ұйымдастырылып, жүлделі орын иеленген командаларға арнайы кубок, медалдар табысталды.

Айта кетейік, жаңа нысанның құрылысы өткен жылы басталған. Мұнда жастар мен жасөспірімдердің футбол ойнап, спортпен шұғылдануға барлық мүмкіндіктер қарастырылған. Заманауи стадион



деді аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы.

Аудандық мәслихат төрағасы Ордабек Жәмиев пен ауыл қариясы Мұрат Жақсыбаев ізгі тілектерін арнады. Сонымен қатар, қазақ елінің мақтаныштары, бокстан әлем чемпионы Біржан Жақып және футболдан Қазақстан құрамасында жасындай жарқыраған талантты ойыншы

1030 адамға лайықталып салынған. Жаттықтырушылар мен төрешілерге жеке кабинеттер, командалардың киім ауыстыруы мен жуынуына арналған арнайы бөлмелер қамтылған. Бұдан бөлек жаттығу залдары, «Street workout» және баскетбол алаңдары бар.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.

## Комиссия отырысында

# ӘЙЕЛДЕР ЖҰМЫССЫЗДЫҒЫН АЗАЙТУ ШАРАЛАРЫ ҚАРАЛДЫ



Түркістан облысы әкімі жанындағы бала құқықтары, әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі кезекті комиссия отырысы өтті. Күн тәртібінде облыс көлемінде әйелдер жұмыссыздығын азайту жөніндегі шаралар, Түркістан облысы әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия мүшелерінен құрылған секторлардың атқарған жұмыстары және өзге де мәселелер қаралды. Мәжілісті комиссия төрағасының орынбасары Малика Жүсіпова жүргізіп отырады.

Жиында Облыстық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Тұрар Құдайбергенов «Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобасы» шеңберінде жұмыспен қамту шаралары туралы баяндады. Оның айтуынша, 2023 жылы «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобасын» жүзеге асыруға 84,0 мың адамды жұмыспен қамту шараларына қатыстыру жоспарланып, нақты 97 686 адам жұмыспен қамтуға жолданды. Оның ішінде, әйелдер 50 450 адам немесе 51,6%-ды құрайды. Тұрақты жұмыс орындарына 35 195 азамат жұмысқа жолданса, оның 15 664-і әйел. Субсидиялау арқылы уақытша жұмыс орындарына 34 959 азамат жолданса, оның 18 923-і әйел. «Бизнес-Бастау» жобасы аясында кәсіпкерлік негіздерге оқуға 21 708 адам,

оның ішінде 12 660 әйел жолданды. Ал, грант 1 687 адамға берілсе, оның ішінде 977-і әйел. Қысқа мерзімді кәсіптік оқуға 242 әйел, enbek.kz платформасында сұранысқа ие дағдыларды қолдану бойынша 1984 әйел жолданды.

Статистикалық мәліметке сәйкес, 2023 жылдың II тоқсанының қорытындысымен жалпы жұмыссыздық деңгейі 5,0%-ды құраса, әйелдер жұмыссыздығы 5,8%-ды құрады.

Басқосуда Түркістан облысы әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия мүшелерінен құрылған секторлар мүшелері атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып, ұсыныстарын ортаға салды.

Отырыс қорытындысы бойынша Түркістан облысы әкімінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі облыстық комиссияның қызметін жетілдіру жөнінде шаралар кешені қабылданды. Күрделі әлеуметтік мәселелерді шешу кезінде азаматтық қоғаммен өзара іс-қимыл жасауға бағытталған жаңа тәсілдер мен жұмыс регламенті бекітілді. Осыған байланысты әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі өңірлік комиссиялардың жұмысын жетілдіру бойынша ұсыныстар айтылды. Айта кетейік, қазіргі таңда облыста 1 млн. 200 мыңға жуық әйел бар. Бұл – облыс халқының жалпы 49,2 пайызын құрайды. Республикадағы әрбір бесінші бала Түркістан облысында дүниеге келеді. Биыл 9 айда 41 233 бала дүниеге келген. Облыста демографиялық өсу деңгейі жоғары. Өңірде 177 мыңнан астам көпбалалы ана бар. «Алтын» және «Күміс» алқа таққан аналар саны жыл санап артып келеді.

**Нұржамал МАЙУСОВА.**  
Түркістан облысы әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия мүшесі.





зетінің бас редакторы Сәрсенбек Сайлаубекұлы, Созақ ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің маманы Қасымов Кенжебек, “Белсенді ұзақ өмір және тең қоғам” орталығының әлеуметтік маманы, аудандық мүгедектер мәселесі жөніндегі штаттан тыс кеңесшісі, “Асар” мүгедектер қоғамының төрағасы Біржан Рысбайұлы сөз алғанда зағип жандарды қоғамға бейімдеу жұмыстары тоқтамау керектігін атап өтті. Ақын Орынбасар Қасенұлы жүрежарды лебізін өлең жол-

## Әлемді саусақ ұшымен таныған

Өмірге деген көзқарасы ерекше жандардың күні аталып өтті. Әлемнің әрбір елінде мемлекеттік мерекелерде бөлек, қоғамдық маңызы бар даталар да аталып өтіледі. Себебі мұндай мейрамдар бір ғана мемлекеттің емес, күллі әлем халқына ортақ елеулі күн. Осындай атаулы күннің бірі жыл сайын 13 қарашада жер бетіндегі барлық елде атап өтілетін “Халықаралық зағиптар күні”. Бұл датаның шығу тарихына тоқталар болсақ, 1745 жылдың 13 қарашасы күні Валентин Гаюи дүниеге келгеніне байланысты аталып өтіледі. Ол Францияда Парижде және Петербургте зағиптарға арналған бірнеше мектептің негізін қалаған танымал педагог. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының шешімімен нақты осы дата Халықаралық зағиптар күнін белгілеуге негіз болды. Осы

айтулы датаға орай аудандық орталық кітапхананың кітапхананы дамыту бөлімімен көзі әлсіз көретін азаматтарға қызмет көрсету нүктесі және “Белсенді ұзақ өмір және тең қоғам” әлеуметтік орталығының бірлесе ұйымдастыруымен “Әлемді саусақ ұшымен таныған” атты әдеби қонақжай өткізілді. Іс-шараны аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры Эльмира Қайдауқызы мен “Белсенді ұзақ өмір және тең қоғам” орталығының директоры Марат Әбілқайырұлы ашып тағдырдың тауқыметіне қасқая қарсы тұрып, қоғамдағы өз орындарын орнықты көрсете білген жандар қашан да құрметке лайық екендігіне тоқталып қоғам өміріне белсене атсалысып жүрген жандарға алғыстарын білдірді. Іс-шараға арнайы шақырылған қонақтар “Созақ үні” га-

дары арқылы жеткізсе, Созақ ауданының Құрметті азаматы, зейнеткер Төлеген Мәуленқұлұлы ізгі тілектерін айтып, ұйымдастырушыларға ризашылығын білдірді. Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта мектебінің оқу тәрбие ісінің меңгерушісі Айжан Қайратқызы атаулы күннің маңыздылығына тоқталып, өз атынан сый-сияпат сыйлады. Шара соңында келген қонақтар жайылған дастарханнан дәм татып, емін-еркін күйде әңгімелесіп, өзара пікір алмасып, жағымды жаңалықтарымен бөлісу мүмкіндігіне ие болып, ризашылық білдіріп, көтеріңкі көңіл күймен тарқасты.

**Бота БЕКМҰРАТОВА,**  
аудандық орталық  
кітапханасының бөлім  
басшысы.

## Аудан басшысы Тілеуқабыловтар отбасында болды

Шолақорған ауылының тұрғыны Тілеуқабылов Медеттің отбасында 11 қараша күні түнгі уақытта өрт шығып, баспанасы өртке оранды. Қызыл жалынды сөндіруге өрт сөндірушілер дер кезінде келіп, өртті сөндіріп үлгерген. Тілсіз жаудан қаза болғандар мен зардап шеккендер жоқ. Өрттің салдарынан барлық бөлмелері жанып кеткен және



үйдің шатыры толықтай зақымданды.

Орын алған жағдай аудан әкімі Мұхит Тұрысбековті бейжай қалдырмай, оқиға орнында болып, отбасының жай-күйімен танысты. Аудан басшысы өз сөзінде қыстың қатал мезгілінде Медет Қойшыбайұлының отбасында орын алған бұл сынақты ел болып өңсередінін және демеушілер мен кәсіпкерлер тарапынан үйді қалпына келтіру үшін тиісті жұмыстар атқарылатынын атты.

Қазіргі таңда аталған отбасы уақытша баспанаға орналастырылды. Аудан басшысы мен бірқатар ауыл азаматтары, кәсіпкерлер мен аудандық мәслихат депутаттары атынан жеке есепшотына қаржылай көмектер аударылуда.

**Аудан әкімінің баспасөз қызметі.**

## Тілге құрмет-елге құрмет



Мемлекеттік тіл - мемлекеттігіміздің негізгі атрибуттарының бірі. Біздің Ата Заңымызда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі-қазақ тілі» деп жазылған. Әрбір Қазақстандық Ата Заңымыздың талаптарын орындап, қазақ тілінде сөйлеуге міндетті, осылай біз – этнос өкілдері туған еліміз бен жерімізге, қазақ еліне деген құрметімізді көрсете аламыз деп ойлаймын. Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруге, тіл байлығын игеруге, қадірлеуге ықпал ету, Тәуелсіздіктің негізгі тірегі – қазақ тілін жақсы білу – әркімнің азаматтық борышына айналуы тиіс.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXII алқалы отырысында: «Барлық азаматтың мемлекеттік тілді меңгеру мәселесі саясатымыздың стратегиялық бағыты болып қала береді. Қазақ тілі – азаматтық интеграцияның тиімді құралы, мәдени-рухани тұтастықтың жарқын көрінісі. Сондай-ақ қазақ тілі ғылыми прогресс пен білімнің озық жетістіктеріне жол ашатын құралға айналуы керек. Бұл – тек салалық министрліктердің ғана емес, бүкіл қоғам болып шешетін тарихи міндет. Осы ретте асырасылтеушілік пен даңғазалыққа жол бермей, парасатты әрі дәйекті түрде әрекет еткен жөн» дегені мәлім. Яғни, тілсіз қоғам болуы мүмкін емес. Тілдік орта қалыптастыру, мемлекеттік тілді игерген өзге ұлттың жастарын замандастарына үлгі ету, тіл үйретудегі заманауи озық тәсілдерді қоғамға насихаттап, креативті идеяларды өміршең ету арқылы да мемлекеттің тілдің қолданыс аясын кеңейтуге болады.

Ал еліміздегі ұлттық тұтастықтың сақталуы үшін мемлекеттік тілді үйрену аса маңызды екеніне өзге ұлт өкілдері байыппен қарай бастағаны да - өмір шындығы. Алмағайып заманда қазақ тілін кеңінен танымал етіп, оның өмірдің әр саласындағы қолданыс өрісін арттыруға әрбіріміз жауаптымыз деп есептеймін. Қазақстанның болашағы - қазақ тілінде. Тілде бүкіл тіршілік тұрғандай. Тілдің тағдыры – баршамыздың қолымызда. Тілге деген құрмет – халыққа деген құрмет. Демек әрбір қазақстандық мемлекеттік тілді құрмет тұтуы тиіс. Мемлекеттік тіліміздің мәртебесін үстем етіп, еліміздің мерейін көтерейік. Тілсіз халықтың, елдің өмір сүруі мүмкін емес. Әлем таныған ел болу үшін қазақ тілінің жылдызын биіктеуіміз керек. Бұл біздің басты парызымыз.

**Бахринисо ПУЛАТОВА,**  
І.Кеңесбаев атындағы жалпы орта мектебінің мұғалімі.

## Алғысымды білдіремін

Қазан айының ішінде отбасымызда қайғылы жағдай орын алды. Аудан жұртшылығына азық-түлік жағынан қызмет етейік, әрі көп адам-

бөлімінің аға өрт сөндірушісі, азаматтық қорғау сержанты Ерік Мрзойов асқан ептілікпен лаулаған өрттің ішіне кіріп, газ баллонын



ға жұмыс болады деген ниетпен нан жабу-наубайхана кәсібін бастаған болатынбыз. Өкінішке орай наубайханада аяқ астынан өрт шығып, ғимарат қызыл жалынға оранып, қиын жағдайға тап болды. Аудандық №11-ші өрт сөндіру бөлімі дер кезінде жетті. Солардың ішінде №11-ші өрт сөндіру

алып шықты. Газ баллоны жарылғанда не боларын кім білсін? Сол себепті Ерік ініме отбасымыз атынан ризашылық алғысымды білдіремін.

**Зауыр ЕМБЕРГЕНОВ,**  
Шолақорған ауылы,  
Т.Әубәкіров көшесінің  
тұрғыны.



Алуан мәдениет пен руханияттың нәрлі ошағына айналып, сыр мен жырға толы Созақ ауданының 95 жылдық мерекесімен тұспа-тұс келіп жеткен Таукент кентінің 40 жылдық мерейтойы өтіп, ән думанға оранды. Мерекелік іс шара Таукент кентінің құрылған сәтінен бастап, бүгінге дейінгі жетістіктерін баяндайтын арнайы деректі фильммен басталды. Аудан әкімі Мұхит Сексенбайұлы Тұрысбеков кент тұрғындары мен қонақтарын кенттің мерейлі тойымен құттықтады.

Тереңнен тарихы бар Таукент кентінің бүгін 40 жылдық мерейтойы. Қойнауы қазынаға толы, қасиетті Қаратаудың баурайында орналасқан Таукент кенті өсіп-өркендеп, бірлік пен берекенің, ынтымақ пен мерекенің шамшырағына айналды. Дамудың даңғыл жолына түсіп, барша жұртшылыққа мақтана көрсетер жетістіктерге қол жеткізді. Мұнда көптеген әлеуметтік нысандар са-



көнін өндіруге байланысты қаланған.

Қазақстандағы бастапқы геологиялық барлау жұмыстары 1947 жылы құрылған Волков экспедициясының (қазіргі «Волковгеология») еншісінде. 1948 жылы 1 қаңтарда КСРО Геология Министрінің 1947 жылғы 29 қазандағы №173 бұйрығымен құрылған Волков геологиялық барлау экспедициясының тікелей мұрагері саналатын «Волковгеология» акционерлік қоғамы өндірістік бағытта ұзақ жылдар жұмыс жасап келеді. КСРО атом энергетикасы мен қорғаныс комплексінің сұранысын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан аумағында уран кен орнын іздеу, табу міндетті тұрды. Волков экспедициясы алғашқы жылдары, атап айтқанда 1951 жылы Қордай кен орнынан жоғары сапалы уран кенішін табу арқылы жалпақ әлемге танылды. Әрі, кен орнын табу отырып, кенді қысқа мерзім ішінде дамыған, сапалы өнім ретінде

# Келешегі кемел кенттің келісті келбеті

лынды, жаңа мектеп, балабақша, тақтайдай тегіс жолдар мен көше жарықшамдары орнатылды. Жергілікті бюджеттен бөлек, демеушілер есебінен көптеген жобалар іске асып келеді. Соңғы бір жылдың ішінде спорт алаңшалары, балалар ойын алаңшасы мен аллеялар ашылып, халық игілігіне берілді. Мұның бәрі егемендік алғалы халық игілігіне ұсынылған жетістіктер. Алдағы уақытта да бұл жұмыстар үздіксіз жалғасын табатын болады, деді аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы.

Мерекелік іс шарада аудандық мәслихат төрағасы Ордабек Жәмиев, кенттің ардагерлер кеңесі

Мемлекеттік қорғаныс комитеті 1944 жылы Қазақстанда және одақтың басқа да аймақтарында уран кен орындарын іздеп табуға барлық геологиялық ұйымдарды жұмылдыруды Геология жөніндегі комитетке арнайы тапсырды. Одақта жаппай уран іздеу ісі осы қаулыдан бастау алады. Сөйтіп, кеңестер кезінде республикада жеткілікті дәрежеде қуаты, дамыған инфрақұрылымы және білікті мамандары бар уран саласының мықты өнеркәсібі қалыптасты. Уран өндірумен төрт комбинат шұғылданып, олардың өндірістік қуаты КСРО-дағы өнім көлемінің 30%-дан астамын өндіруге мүмкіндік беретін.

1980-1982 жылдары Қазақстанда уран өндірісін шығару ең жоғары деңгейге жетті. Дерлік 30 кен орнында уран өндірілді. Атом өнеркәсібі кәсіпорындарында еңбек ететін жұмысшы-қызметкерлер саны 70 мыңнан асып жығылды. Таукент ау-

«Қазатомөнеркәсіп» корпорациясының 10 филиалы орналасқан. Ауылдан 157 адам Ұлы Отан соғысына қатысып, 111-і хабарсыз кетті. 46 соғыс ардагері елге қайтып оралды. Қазіргі кезде бір ардагер бар. Таукент поселкесі әкімшілігі құрылғаннан бері әкім болып Рысбеков Сапарәлі (1982-1986 жылдары), Николай Иванович Шкуренко (1986-1995 жылдары), Болат Зекенов (1995-1998 жылдары), Аманбек Мұсабеков (1998-2002 жылдары), Бекзат Әлмағанбет (2002-2007 жылдары) қызмет атқарды. 2007 жылдан Шабден Игілікөв, Байдос Сахов, Сағынғали Сүйгенбаев, Марат Оспанов, Серік Маманов бүгінгі таңда ауыл әкімі қызметін атқаруда. Жыныс елді мекені 1928 жылдан 1959 жылға дейін «Октябрь» ауылы деп аталған және сол кездегі колхоз төрағалары болып Сейсенбиев Әбдіхалық, Берденов Кенжеғұл, Қаратілеков Несіпбай, қанаева Мария, Есенжаров Ысқақ қызмет атқарды. 1959 жылы «Октябрь-5» ауылы қазіргі Абай ауылындағы Алғабас колхозына қосылған. 1960 жылы Сызған совхозына қосылып, 1 фермасы болып аталды. Таукент-Түркістан облысы Созақ ауданындағы кент, Таукент кенттік әкімдігі орталығы. Аудан орталығы- Шолаққорған ауылынан солтүстік-батысқа қарай 35 км-дей жер-

өндіріске енгізу міндеті арта түсті. Оңтүстік Қазақстан аумағына 1969-1980 жылдары Шу, Сарысу, Созақ өңірінде жаңа өндіріс орындары пайда болды. Бұл өңірлердегі кен қоры дүние жүзіндегі ең көп кен орны бар аймақ саналады.

## Ауызбіршілік пен ынтымақтың арқасы

Теріскей даласында алғаш ГРП-5 Волков Геологияның уран іздеу отряды жұмыс істеді. Ол іздестіру 1970 жылдан бастап, барлау экспедициясының бас геолог инженері Аубакиров деген қазақ азаматы болатын. Соның іздестіруімен құм жиегі мен Мойынқұм аумағында бірнеше жерден бұрғылау жұмыстары жүргізіліп, қазіргі уран өндіретін өндірістер пайда болды. Ол азамат кейіннен осы атқарған жұмыстарының арқасында Лениндік сыйлық алып үлкен қошеметке бөленді. 1975 –тен бастап кішкене уран өндіретін қондырғыларды іске қосып «Қанжуған» тұсынан ПВ-5 мекемесін соған жұмыс істейтін гараж, кеңсе, асхана, кабельный, кейіннен АБК-мекемелерінің құрлысын сала бастады. Таукент поселкесінің орнына 1979-шы жылы жазда цемент блоктар түсіріп, қазіргі 46-47-ші үйлердің қабырғалары тұрғызыла бастады. Уран өндіретін мекеме ПВ-5 Қырғыздағы горный комбинатқа қарайтын, оның директоры болып Власов дейтін орыс азаматы, ПВ-5 начальник болып Шевзухов деген азаматтар істеді. Бас инженер болып Е.Ф.Иванин деген кісі істеген. Гараж №11-ге Ф.Бранчук деген азамат, кадр бөлімінде Бурков деген кісілер істеді. Таукенттің үйлері біткенше «Волковгеологияның» Айгене деген мекен жайында тұрып, Таукент поселкесі біткен соң көшіп келді. Жұмысшыларды автобуспен тасып жұмыс істеді. Алғаш уран өндіретін жердің қазығын қакқан азаматтардың бірі Жыныс фермасының малшысы Сейтжанов Жұмабай деген жігіт. Соған қатысқан АБК-ның кіре берісіндегі залында суреті ілулі тұр. Менен бір барғанда кеншінің директоры Мәркенбаев Жұматай сұрап жазып алған болатын. ЦРУ-дің бірінші директоры Власов одан кейін Кравцов болды. Егемендік алған соң 17-18 жылдай Мәркенбаев Жұматай есімді өзіміздің ауданның азаматы атқарды. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК АҚ басқарма төрағасы болып Мұханов Ержан деген азамат істеді. Таукент кентінің салынуына жергілікті халықтың көп көмегі тиді. Кейбір азаматтарды үйлеріне жатқызып, ас ауқатымен бөлісті. Мұның барлығы елдің ауызбіршілігі мен ынтымағының арқасында жеткен зор жетістік деп білемін.

**Бердібек ЕСБЕРГЕНОВ,  
Еңбек ардагері.**



төрағасы Төленбек Айнекбаев, Таукент кентінің әділ биі, сол күні тұсауы кесілген «Қырқыншы күз» кітабының авторы Суханберді Шарафудинов кент тұрғындарына деген ыстық ықыласын білдірді.

Кенттің бүгінге дейінгі жеткен жетістіктеріне қолдау білдіріп, ауданымыздың орнықты дамуы мен ынтымағын нығайтуда өлшеусіз үлес қосқан бірқатар азаматтар аудан әкімі мен аудандық мәслихат аппаратының арнайы алғыс хаттарымен марапатталды. Салтанатты шарада аудан өнерпаздары әсем ән орындап, мерекенің ажарын аша түсті. Спорт ардагерлері кіші футболдан, еңбек ардагерлері волейболдан өзара сынға түсті. Жарыс жеңімпаздары мен жүлделі орын иелері қомақты сыйлықтармен марапатталады. Дүбірлі дода көкпар ұйымдастырылып, ұлттық спорт ұлықталды. Мерекелік шарадан кейін Таукент кентінің өткен белестері ойға оралып, тарих қойнауын бір аралап қайтуды жөн санады.

Өткен ғасырдың 40-жылдары Кеңес Одағында елдің атом саласын құру мен даму бағдарламасы жасалды. Соған байланысты КСРО



ыл әкімдігінде Таукент, Жыныс, Айгене елді мекендері бар. Ауыл әкімдігіндегі халық саны-8105, отбасылар саны-1672. Бір орта мектеп, 1 негізгі мектеп, 1 емхана, 1 балабақша, 1 мәдени-спорт кешені, 2 кітапхана бар. Ауыл әкімдігінде

де, 1999 жылы жергілікті тұрғындар саны 3575 адам (1721 ер адам және 1854 әйел адам) болса, 2009 жылы 6551 адамды (3194 ер адам және 3357 әйел адам) құрады. Іргесі 20 ғасырдың 70-жылдары уран





Nikon D3500, 48mm, f/4.5, 1/1

Осы мол байлық яғни, барланған кен орны жағынан Қазақстан әлемде көптеген мемлекеттер ішінен алдыңғы қатарлы орынға шығып, көш бастады.

Өзінің 65 жылдық тарихында 40-тан аса кен орындарын тауып, 1,3 млн тонна уран кен қорын өндіріске тартты. Оның 19 кен орны Оңтүстік Қазақстан облысында еді. Өндіріс басшысы жөнінде аз-кем мағлұмат беріп өтсек артық болмас. Осы іргелі өндіріс орнын басқарған басшылар С.М.Сушко, Р.Т.Шияпов, М.Дауылбаев, Қ.Қойгелдиев, Ә.Әлімқұлов, А.Д.Ұзақов, С.Дәулетбаевтардың жарқын да өнегелі жолдары болды.

Созақ ауданы жер асты қазба байлықтарының молдығымен ерек-

шеленеді. Аудан территориясында мұнай, уран, газ, көмір, алтын, күміс, қорғасын, мыс, мырыш, тұз, емдік минералды судың мол қоры бар, кен орындары да жұмыс істеп тұр (Шу-Сарысу газ, Орталық, Таңбалытас, Придорожное, Келіншеқтау, Бессаз, Алтынтау, Аппақ, Уанас, Қанжуған, Мыңқұдық, Мойынқұм, Таскөмірсай, Үлкенсор, Дарбыт және т.б.). Аталған кен орындарын Ұлттық компаниялар мен жеке кәсіпкерлер игеріп жатыр. Аудан тұрғындарының басым көпшілігі осы өндіріс орындарында еңбек етеді. Әлемде өндірілетін уранның 25 пайызы Қазақстаннан шығатын болса, соның 60 пайызы осы Созақ жеріне тиесілі.

Цифрлық технология, жасанды ин-

теллект, озық үлгідегі қарым-қатынас техникасы дамыған ХХІ ғасырда «шалғайдағы ауыл», «қиырдағы аудан» деген ұғым-түсініктер болмауы керек. Созақ ауданының территориясындай жерде қарқынды дамып жатқан тұтас бір мемлекеттер бар. Айталық, Созақ ауданының территориясы 41 000 км² болса, Еуропадағы Бельгияның жер көлемі – 30 528 км², ал, Азиядағы Израильдің жер көлемі – 20 770 км². Кеңес өкіметі кезінде арнайы Созақ өңіріндегі жер асты кендерін зерттеу үшін Әйкене ауылында тұрақты геологиялық ғылыми-зерттеу стансасы құрылған еді (1972 жылы құрылып, 1993 жылы тараған). Ол мекеме бас-аяғы 20 жылдың ішінде Көкшенің құжын жасыл желекке айналдырған. Уран өндірушілерге арналған Таукент, Степной деп аталатын қала типтес поселкелер салынған. Мұның бәрі уран өндірісінен мол пайдаға кенелетінін білген Кеңес өкіметінің қаржысы есебінен жүзеге асырылды.

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1996 жылғы 3 сәуірдегі №384 Қаулысымен Таукент қалашығындағы №36-шы Таукент орыс-қазақ мектебіне академик Ісмет Кеңесбаевтың есімі берілді. Таукент кентіндегі Ісмет Кеңесбаев атындағы орта мектептің директоры болып алғаш рет Сүлейменов Қырғызбай, одан кейін Бочкарев Эдуард, Өтеш Балдырған, Сейсенбаев Өлке, Бекқұлиев Төлепберген, Әбдірашқы Садық, Өмірбекова Шұғыла, Дүйсенбек Ниязәлі сияқты

білімді, білікті азаматтар қызмет атқарды. Қазіргі таңда аталмыш мектепті мектептің құрдасы саналатын Оспанов Фабит есімді азамат басқарып келеді. Мәдениет үйінің директоры болып Тапеев Мәди, дәрігерлік амбулаторияны Құрманбекова Алма, ау-

ылдық кітапхананы Нә-



жимова Гүлназ, «Болашақ»

балабақшасын Жамиева Қарлығаш, «Таукент гүлдері» балабақшасын Тажиева Сандуғаш, ауылдық ардагерлер кеңесін Әйнекбаев Төленбек басқарып келеді.

**Мақсат ҚАРФАБАЙ,**  
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

## Таукент осылай тұрғызылды

1977 жылы АҚШ-та дүние жүзінде алғаш рет сілтілеу әдісімен уран алынды. Біздің елімізде де сондай жұмыстар атқарылып жатқан. «Мирный» қалашығында сілтілеу әдісін қолданып көрген. Ол жоба 1966 жылы басталған. Ал біздің кеніштің аумағында 1979 жылы экспериментті қондырғымен жер асты сілтілеу әдісімен уран өндірілді. Бұл одақ бойынша үлкен жетістік болды. Сол жобаны басқарған Аубакиров Халил Баталович Мемлекеттік Ленин сыйлығын алды. Енді тез арада осы жобаны іске асыру керек болды. Бұны Москва қадағалап отырды. Алғашқы уран (желтый хен) ПВ-7 (қазіргі Қыземшек кенті) мекемесінде алынды. Бұл мәліметті мен бұрынғы біздің рудниктің бас инженері болған Иванин Лев Филатовичтен алғанмын. Енді осы жобаны жылдам өндіріске кеңінен өндіру керек деген талап қойылды. Ең алдымен 1979 жылы фабриканың фундаменті құйылды. 1980 жылы колонналар қосылып фабриканың монтажи басталды. Ал ол кездегі талап ең алдымен өндіріс еді. Айгенеде барак жетіспейді, жұрт вагондарда орналасты. Кейін жертелер қазылып халық сол жертелелерде тұрды. Ал АБК болса 1984 жылы салына бастады. 1980 жылы тамыз айында қазіргі «Қанжуған» руднигі тұрған жерге КСРО машина жасау министрі Славский вертолетпен келіп қонды. Сол кезде қала қай жерде, қалай салынатыны шешілген екен. Бірінші жоба «Дарбыт» бұлағының төменгі жағынан коттеджный поселок салынабақшы болған. Оның жобасын Ташкент қаласындағы жобалау институты жасау керек болған. Славский келешекте әр рудникке қалашық салмай үлкен қала салып, Бетпақтағы рудниктер де осы қалашықтан қатынап вахталы әдіспен жұмыс істейтін етіп шешті. Қала 40 мыңдай адам тұратындай болуы керек екен. Қаланың жобасын Ленинград қаласындағы институт жасайтын болған. Бұл мәлімет директордың орынбасары болған Шебзухов Ахмед Солдовичтен алынған. Біз көрші тұрғанбыз, кейде дастархандас болатынбыз.



1981 жылы іздену жұмыстары жүргізіліп ең алғаш топырақ қазіргі бастауыш мектептің орнынан алынды. Бірақ геодезистер қателесіп ол траншея көміліп мектептің құрылысы 2 жыл кейін, 1983 жылы басталды. Ең алғаш салынып берілген үй 48 болған. Бірінші іргетасы 1981 жылы желтоқсанда құйылды. Әлі есімде біз фундаменттің блогын қойып жатқан едік. Бір уақытта сол кездегі СМУ-дің бас инженері Сказочкинмен прораб Братюбовь еңтігіп жүгіріп келді, блогты қайтып көтеріңіздер деді. Біз түсінбедік бәрі дұрыс істелініп жатыр еді. Сөйтсек әдет бойынша бірінші тастың астына құнды зат салынуы керек екен. Кімде бір сомдық темір ақша бар деді.

Мен қалтамнан алып бердім. Ол жарамады. Өйткені онда Ленин бейнеленген. Басқа біреуден табылды. Братолобовь сол тиынды сулап, блоктың астына жабыстырды. Күн аяз болған соң тиын жабысты, ал енді түсіре беріңдер деді инженер. Мемлекет бұл мекемеге бәрін берді. Ол кезде кадрлар мәселесі бірінші оында тұрды. Жергілікті тұрғындарға жұмысқа орналасу қиын болды.

Біріншіден арнаулы білімі жоқ, Орыс тілін жетік білмейді және Райисполком жергілікті адамдарды алуға шектеу қойды. Ол кезде совхоздарда адам тапшы еді. Шет жақтан келген адамдар мұндай жағдайы жоқ, жерде тұрғысы келмеді. Таукенттің монтажын бастаған монтажниктер бригадасы 5-6 ай істеп шыдай алмай кетіп қалды. Ащысайдан келген шоферлар бригадасы 6 айда тарап кетті. 1981 жылы аяғында балабақшаның құрылысы да қатар басталды. Ол қыштан салынуы керек еді. Оны қалайтын маман жоқ. Бір күні Москвадан маман келді, түс кезі біздің ішіп отырған тамағымызды көріп:

«Мен мұндай тамақты ішпеймін, деп, бірде-бір қыш қаламай еліне қайтып кетті. Ол кезде асхана жоқ, солдаттардың пісірген тамағын бидонға құйып әкеледі. Тек қана көже. Ол көже 25-км ге жеткенше езіліп кетеді. 1-2 ай компот деген атымен жоқ. Крановщик жоқ жалғыз өзім, кейде 8-9-ға дейін істеуге тура келеді. Себебі Шакатастан келген машиналар кешігіп келетін. Бір күні бір маман келді, «мен мына жерде тегін ақша берсе де, тұрмаймын» деп

кетіп қалды. Мен 3 жылға дейін демалысқа шықпадым, мені ауыстыратын адам жоқ. Кейде Жаңатастан, Қарабалтадан жібереді, олар бір айдан астам жүрмейді. Сонда Таукентті кім тұрғызды деген сұрақ туындайды. Қалашықты тұрғызған кешегі қойшылардың, малшылардың балалары. Мысалы, кеше ғана қой баққан Бұралқиев Мәді қыш қалауды 2 айда меңгеріп бригадир болды. Онымен бірге істеген Кәтеев Мәлік, Алиев Мейрам, Ағабеков Қалдархан. Оларда тез арада маман болып алды. Ал, Ыбыраев Қалдыбай, Дүйсенов Көбей т.б. монтажник мамандығын игеріп алды. 1982 жылы біраз жігіттер кран машинисті мамандығын оқып алды. Байдуллаев Сабыр, Дәнебаев Талғат, Усанбаев Мейрам, бұларда білікті маман атанды. Ал, енді қойшының баласы Есенәлі Сейтжанов өмірі көрмеген мұнаралы кранды құрап, соған күтім жасады. Кейін сондай кранды құрауға басшылық жасады. Ең алғаш Таукент құрылысында жұмыс істеген әйелдер Құлыбекова Жадыра, Алдабергенова Жамила болды. Алдабергенова 1982 жылы Латвияға барып жұмыс істеп қайтты. Жергілікті халықтың шыдамдылығы мен жігерлілігінің арқасында алғашқы кезеңнің қиыншылығын жеңдік десек те болады. 1982 жылға дейін қаланың аты қойылмады, біздің жолдамаға Жыныс ата деп жазатын. Эдельвейс деген де ұсыныс болған екен. Сол кездегі Оңтүстік Қазақстан облысының обкомының 1-ші хатшысы Асанбай Асқаров келген, сол кісі қаланың атын Таукент болсын деп шешті.

2007 жылы 22 маусым күні мерей той жиналысында сол кездегі «Казатомэнеркәсіп» ҰАК Президенті М.Жәкішев «Осы бірінші рудниктің арқасында, солардың тапқан қаржысының арқасында басқа рудниктер ашылды» деген еді. Қазір Қазақстан уран өндіретін елдер арасында бірінші орынға шықты. Алда талай атқарылатын жұмыс көп, Қазақстанда Атом электрстанциясы міндетті түрде салынады, оған 2 мыңдай маман керек. Біздің жастар соны игереді деп сенемін.

**Шорабай ЖҰМАДІЛДАЕВ,**  
(С.Шарафудиновтің «Қырқыншы күз» кітабынан).



Уақыт өмірдің тамыршысы. Қай кезде де жасалған игі амалдар, қайырлы сауапты істер, ізгілікті шаралар уақыт еншісінде тұрады. Замана, ғасыр, жылдар мен айлар, апталар мен күндер уақыттың құлдары. Адам баласы да сол уақытқа тәуелді. Тарихтың өзі уақыттан тұрады. Сол уақыт шеңберінде уақытпен санаса еңбек етіп, елге шапағаты мен шарапатын тигізіп жүрген арда азаматтарды ұмытпай ел назарына ұынып тұру артықтық етпес.

Солардың бірі Төлебекұлы Бақыт ағамыз. Бақыттың есіміне сырттай қанық болсам да жүзбе жүз жүздеспепіз. Өткен айлардың ішінде ауданымыздағы шығармашылық өкілдерінің басын қосқан ақын Құлыншақ Кемелұлы атындағы шығармашылық бірлестіктің құрылғанына 30 жыл толу айтулы шарасында Бақыт Төлебекұлымен мерекелік шарада таныстым. Аузын ашса жүрегі көрінетін, ақ көңіл, ашық мінезді маңдайы жарқыраған азамат екен.



1000 данамен баспадан шығуына осы Бақыт ағамыз мұрындық болды.

-Ауылға келген сайын алдымен үлкен кісілердің үйіне бас сұғып, амандасып, қал-жағдайын сұраудан бастайды. Одан кейін міндетті түрде мектепке кіріп ұстаздар қауымына жолығып, оқушылардың басынан сипап шығуды әдетіне айналдырған.

Адам баласы «көп жасағаннан емес, көпті көргеннен сұра» демекші қазақ елінің түгелге жуық аудан, облыс, қалаларын аралаған, шет ел көрген Бақыт ағамыздың екінші қыры оның дос арттырғанына риза бола-сың. Ауылға келген сайын жалғыз жарым келмейді, бір-екі досын ерте келеді. Оларға «Біздерде мынадай бар, мынадай бар» дегендей ауданымыздың көрікті, киелі жерлерін көрсетіп, сұлу табиғатымен таныстырады. Қарабура, Ысқақ бап, Баба Түкті шашты Әзіз, Бибі Мариям, Ақбикеш, Саңғыл би әулиелердің басына барып құран бағыштап, зияраттап құрметпен шығарып салып жүргенін көреміз. Бақыт ініміздің

азымдарды атқарып 2012 жылы Қазақстан Республикасының ІІМ Оңтүстік Қазақстан облысы мамандандырылған күзет қызметі басқармасының дербес батальон командирі лауазымында зейнетке шыққан, құрметті ардагер.

2012 - 2014 жылдары Шымкент қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Қылмыстық жазасын өтеген адамдарды әлеуметтік бейімдеу мен оңалту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры.

2015 - 2017 жылдары Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл агенттігінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің бөлім басшысы.

Қазіргі таңда Шымкент қаласының экономика және әлеуметтік саласының дамуына өз үлесін қосып келе жатқан беделі бар кәсіпкер-меценат. Ұл-қыздары жоғары білімді, еліміздің жоғары лауазымды қызметтерін атқарып келеді. Бақыт бау-

## АЛТЫН ҚАЗЫҚТЫ АУЫЛЫН АРДАҚТАҒАН АЗАМАТ

Екеуіміз бір-бірімізді бұрыннан танытын, аралас-құралас жандай әңгімелесе кеттік. «Жылқы баласы кісіне-скенше, адам баласы тілдескенше» дегендей арасында нағашы мен жиеннің жарасымды әзілі де ұшқындап жатты.

-Мақсат інім, ең бірінші адам баласына, оның ішінде қазақ баласына ауызбіршілік керек. Ынтымақ пен сыйластық керек. Өз басым руға бөлінушілік, бай, кедей деп біріне

сан болғанын байқауға болады. Ол нені білдіреді? Ол Құлыншақ ақынның жоқтаушысы, іздеушісі жоқтығын білдіреді. Шығармалары қолдан қолға өтіп, сақталмай жоғалып кетті. Құлыншақ қажылыққа барған, имандылық жолын ұстанған ақын болғандықтан ол кісіні насихаттауға тиым салынғаны рас.

Жоғары да айтқан екі ақынның уақыты да, заманы да екі басқа болды. Екеуі екі дәуірдің өкілі болды. Сол Құлыншақ ақынның кітабын

бойында отаншылдық, туған елге, жерге деген патриоттық сезімінің жоғары екендігіне көз жеткізіп, қайран қаласың,-дейді ауылдасы Әзімхан Бейсекұлов.

-Әзекең дұрыс айтады. Кісілігінен кішілігі, қарапайымдылығы, басым Бақыт әлде бір жиын, ас, не болмаса шаңырақтарға түскен қайғылы жағдайболсын күндіз-түн демей сол үйден, сол ауылдан табылады. Бауырмал, ауылдағы кез-келген шараға, өзекті жайларға белсене араласып өзінің перзенттік парызын өтеуге асығып, қолдау білдіріп жүретін жомарт жанның бірі,-дейді ауыл ағасы Әшімхан ағамыз.

Мақұлбеков Бақыт Төлебекұлы 1967 жылы 14 наурызда, қазіргі Түркістан облысы, Созақ ауданы, Жарты төбе совхозына қарасты Аққолтық ауылында дүниеге келген. Осы ауылда Ш.Уәлиханов атындағы орта мектепті бітірген. Көп балалы үлгілі отбасынан шығып, 2 ұл, 2 қыз тәрбиелеп отырған азамат.

Білімі жоғары, заңгер-экономист, саясаттанушы.

Іскер әкімшілік мамандығы бойынша DBA ғылымдарының докторы.

Құқық қорғау саласында 1992 жылдан әртүрлі басшылық лау-

ырымыз туралықты деп басып айта-тын, «Тура биде, туған жоқ, туған биде иман жоқ» деген қағидамен өмір сүретін шыншыл азамат. Жоқ пен жұқанаға қолынан келгенінше жанашырлық таныта елмен етене байланыстағы азамат. Соның бірі, кешегі 2021 жылдың желтоқсан айында Мақтарал ауданында Нағанай бабаға берілген аста елдің ауызбіршілігі мен ынтымағына жана-шырлық танытып төбе көрсеткен бірден бір азамат- осы Мақұлбеков Бақыт болатын. Алматы қаласынан бизнесмен, меценат, Демуева Ерлан бауырымызды арнайы елге шақырып, ағайындарға қосып, Саңғыл би бабамыздың кесенесінің құрылысына қомақты көлемде қаржылай көмек бөлдіргізіп, Қазақстан тарихы, ауыз әдебиетінде өшпестей аты қалған ақын бабамыз Құлыншақ Кемелұлының «Қара дауыл Құлыншақ» атты кітабының баспадан 1000 дана болып шығуына ұйытқы болған да осы Бақыт бауырымыз еді. Жақында өзі туып өскен ауылдың ауылдық кітапханасына «Кітапханаға кітап сыйла!» акциясы аясында қолға түсе бермейтін сирек кітаптар мен жаңадан таныла бастаған ақын-жазушылардың кітаптарын сыйға тартып қайтты.

Дәл осындай елімізге, ағайын туыс, жора жолдастарға, жасап жүрген игілікті істері тіпті мол. Қарапайым Бақыт бауырымыздың жұрт біліп біле бермейтін еңбектері де жетерлік.

Әкесі Төлебек көкеміз кешегі кеңестік жүйе кезінде совхоздың мықты, білікті көлік жүргізушісі болды. Бірнеше рет ауылдық кеңеске депутат болып сайланғаны есімде. Анасы Нұрсаққызы Әбдіхан апамыз көп балалы ана, «Батыр ана» орденінің иегері. Екеуі отбасылық өмірде өмірге Батырбек, Мырзабек, Гүлбану, Бақыт, Гүлнар, Шәрбану, Жомарт, Мәдина, Әлия, Жандос, Айнаш, Айдоос, Мәлика атты перзенттерді әкелді. Бұл күнде барлығы да тәуелсіз еліміздің гүлденуі мен өркендеуі жолында қажырлы еңбек етіп жүрген азаматтар. Барлығы да үйлі баранды, алды немере сүйіп ата-әже атанып отыр.

Бақыт бауырымыз сияқты халқына қадірлі, еліне сыйлы жандардың есімдерін ел-жұрты, ауыл аймағы әлі күнге дейін аузынан тастамай елге жасаған жақсылығын арқау етіп риза болып отырады.

**Мақсат ҚАРҒАБАЙ,**  
Қазақстан Жазушылар  
одағының, Журналистер  
одағының мүшесі.



жалбақтап, екіншісіне менменсі қарау дегенге жүдә қарсымын. Адамның бәрі бірдей, барлық қазақ менің бауырым. Алайда жеті атасын, руын, ауыл-аймағын, ағайын-туысын біліп, оларды құрмет тұту бір басқа. Кезінде бірін бірі сұрап білмеген бір рудың ұлы мен қызы үйленген де жағдай болыпты. Ол деген кешегі кеңестік идеология жалын атып тұрған шақта болған қасірет. Бүгінгі мына еркіндігіміз төрге шығып, еңселі егемендігіміз есігін айқара ашқан уақытта тегінді тану оғаштық емес. Салт-дәстүр, әдеп-ғұрып, ой-сана, ұлттықнамыс әрбір ұлтжанды азаматтың жүрегінде болуы керек,-дейді Бақыт аға ағынан жарылып.

Расында Жамбыл ақын: Майлықожа, Құлыншақ, Пірім еді бас ұрған-деп Құлыншақты пір тұтқан, ұстаз тұтқан Жамбыл мен Құлыншақтың шығармаларын зерделесең Құлыншақтан гөрі шәкірті Жамбылдың насихаты ора-





2023 жылғы қаңтар-қазанға Созақ ауданының  
әлеуметтік-экономикалық дамуы

	2023 жылы Қаңтар-қазан
<b>Әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштер<sup>1)</sup></b>	
Халық саны, адам (2023 жылғы 1 қазанға)	63 258
Туылғандар, адам	1 156
Өлгендер, адам	263
Иммигранттар саны, мың адам (келгендер)	1,215
Эмигранттар саны, мың адам (кеткендер)	1 916
<b>Еңбек рыногы және оңбосқағы тәлеу<sup>2)</sup></b>	
Қызметкерлердің тізімдік саны, мың адам (2023 жылдың II тоқсаны)	18 466
Бір қызметкердің орташа айлық атуылы жалақысы, теңге (2023 жылдың II тоқсаны)	437 468
<b>Ұлттық экономика</b>	
Негізгі капиталға инвестициялар, млн. теңге	81 488,2
<b>Сауда</b>	
Бөлішек сауда тауар айналымының көлемі, мың теңге	5 275 376
Көтерме сауданың жалпы көлемі, мың теңге	811 000
<b>Экономиканың негізгі секторлары</b>	
Өнеркәсіп өнімінің (тауар, қызмет) көлемі, мың теңге	453 990 031
Жалпы ауыл шаруашылығы өнімінің (қызметінің) көлемі, млн. теңге	10 838,2
Құрылыс жұмыстарының көлемі, млн. теңге	14 559,9
Іске қосылған тұрғын үйлер, м <sup>2</sup>	19 995
<b>Қаржы жүйесі<sup>3)</sup></b>	
Кәсіпорындардың дебиторлық берешегі, млн. теңге	214 408,4
Кәсіпорындардың міндеттемелер бойынша берешегі, млн. теңге	315 867,8
Өңделген өнім көлемі, млн. теңге	148 183,9

Созақ аудандық статистика басқармасы.

## Радиофобия туралы не білеміз

## немесе үрейге емес үмітке иек артыңыз

Кейінгі жылдары теледидардан, радиодан газет және интернет беттерінен «радиофобия» сөзін көп есітіп, көп көріп жүрміз. Әсіресе соңғы кездері елімізде атом станциясы салынуы мүмкін деп сөз қозғағалы тіпті жиі айтылып та жүр. Жалпы «фобия» сөзі бұл гректің тілінде «қорқыныш» дегенді білдіреді де «радиофобия» қосарланған сөзі «радио-қорқыныш» дәлірек айтсақ «радио қорқыныш сезімі» дегенді білдіреді. Яғни, радиацияның әсер етуі салдарынан жүйкенің психосоматикалық, психологиялық және физиологиялық ауытқуларының көрінісі болып табылады.



месе сөнбеушіліктен әсерінен орын алып жатады.

Шындығында, бүгінде көпшілік радиациядан қорқады, дегенмен радиацияның не екенін көп адам түсіне де бермейді, біле де бермейді, екінші жағынан радиация көзге де көрінбейді. Арнайы білімі жоқ, немесе ядролық физика мен радиациялық қауіпсіздік ұғымдарын білмейтін және түсінбейтіндер үшін радиация немесе иондаушы сәулелер қорқыныш пен қатер символы ретінде қабылданады. Бұл сөздерді көп естігенімен көптеген адамдар олардың байыбына жетіп түсіне де бермейді.

Радиофобия әркімде де болуы мүмкін, бұл заңдылық. Себебі, әрбір адам өз өмірі мен өз денсаулығы және жақын адамдарының денсау-

лығы мен өмірі алаңдатады. Бұл да дені сау адамға тән қорғаныш сезімі. Алайда, бұл қорғаныш сезімі қорқыныш сезіміне ұласуы оп-оңай. Радиофобияға салынуы үнемі күйзеліске ұшырап немесе шаршап жүрген адамдарда тез және жиірек байқалады.

Радиофобияның туындауының негізгі себебі радиация мен иондаушы сәулелер туралы ақпарат пен деректерді білмеу, осы проблеманы дұрыс түсінбеуі болып табылады. Сондықтан радиацияның негативті және позитивті түсінбеуі болып табылады. Сондықтан радиацияның негативті және позитивті әсерін дұрыс түсіну үшін адамдарға шынайы және нақты ақпарат қажет. Бұдан басқа салауатты өмір салты қағидаларымен өмір сүру, көбірек демалыс жасау, дұрыс тамақтану, физикалық жаттығулар жасау, денсаулықтағы келеңсіздікке жол бермеу, ауытқулар болған жағдайда тезірек және қажетті шараларды қолдану қажет.

**Б.ОРМАНОВ,**  
«ОТХК» БК ЖШС  
Оңтүстік Ыңғай кенішінің  
РҚ және ҚОҚ жөніндегі  
жетекші менеджері.

## Қызылша: себептері, инфекция жолдары, белгілері, емі және балалардағы аурудың алдын алу

Қызылша – өте жұқпалы антропонозды жіті респираторлық вирустық инфекция. Қызылша - вирустан туындаған әдеттегі қызылша вирустық инфекция. Ауруды оңай анықтауға болатын ерекше белгілері бар (бөртпе). Қызылша өте жұқпалы, ауа арқылы таралады. Инкубациялық кезең бірнеше аптаға созылады.

Қалай жұғады? Инфекция ауа тамшылары арқылы беріледі. Науқаспен байланыста болған кезде (сөйлесу, түшкіру, жөтелу кезінде) бұрын қызылшаға қарсы вакцина егілмеген және ауырмаған адам 100% дерлік жұқтыруы мүмкін. Қызылша вирусы өте құбылмалы: қызылшаны науқаспен тікелей байланыста болмай, онымен бір үйде болу арқылы жұқтыруға болады. Бақытымызға орай, вирус тез өледі, сондықтан тұрмыстық заттар, ойыншықтар, киім-кешек арқылы жұқтыру мүмкін емес.

Балалардағы қызылша белгілері. Инкубациялық кезең (инфекциядан аурудың алғашқы көріністеріне дейін) 7-ден 17 күнге дейін созылады. Бала инкубациялық кезеңнің соңғы екі күнінде, катаральды кезеңде (3-4 күн) және бөртпелердің төртінші күніне дейін, яғни 9 күн ішінде басқаларға жұқпалы болады. Бірінші, катаральды, кезеңде (1-3 күн) қызылша респираторлық инфекция түрінде көрінетінін білу маңызды: бас ауруы, жөтел, мұрыннан су ағу, тамақ ауруы.

Ауру үш кезеңнен тұрады: катаральды, бөртпе кезеңі және пигментация кезеңі. 1.Қызылшаның алғашқы белгілері аурудың катаральды кезеңінде көрінеді. Бұл кезең ұзаққа созылмайды, тек 3-5 күн, және алғашқы нақты белгілердің пайда болуымен сипатталады: ұйқышылдық пен тез шаршау пайда

болады. Жөтел және мұрыннан су ағу пайда болуы мүмкін, сонымен қатар дене температурасы аздап көтерілуі мүмкін. Бұл кезеңде қызылшаның негізгі симптомдары түбінде аузында ерекше бөртпенің пайда болуы. Мұндай дақтардың айналасында айқын қызаруы бар. Бұл дақтардың болуы ауруды ерте диагностикалауға және қажет болған жағдайда баланы уақтылы оқшаулауға көмектеседі. Балалардағы қызылшаның барлық белгілері аурудың динамикасында күшейеді: жөтел жиілейді, дене температурасы біртіндеп жоғарылайды және 40°C белгісіне жетуі мүмкін.

2.Бөртпелер кезеңі катаральды кезеңмен ауыстырылады. Терідегі қызылша бөртпесі-бұл кезеңге тән белгі. Ол бастапқыда құлақтың артында және шаштың өсу аймағында бас терісінде пайда болады, бетке, мойын аймағына және кеудеге таралады. Екінші күні иықтың, қолдың, арқаның, іштің терісі бөртпемен жабылады, үшіншісінде саусақтарды қоса, төменгі аяқтар, ал бет бозарады. Қызылшаға тән бөртпелердің таралуының бұл реттілігі дифференциалды диагностиканың маңызды критеріі болып табылады. Дақпауларлы экзантема балаларға қарағанда ересектерде айқынрақ. Аурудың ауыр ағымында геморрагиялық сипаттағы біріктіруге және алуға бейімділігі бар. Бөртпе кезеңі қызылшаның биіктігі болып саналады. Тері бөртпесінің пайда болуы аясында қызба мүмкіндігінше айқын болады, интоксикация белгілері күшейеді, катаральды белгілер күшейеді. Науқасты тексеру кезінде артериялық гипотензия, тахикардия, бронхит немесе трахеобронхит белгілері анықталады.

3.Пигментация кезеңі. Бөртпе пайда болғаннан бастап 3-4 күн ішінде

жағдай жақсарады. Температура қалыпқа келеді, бөртпе жоғалады, пигментация қалады (ол уақыт өте келе жоғалады). Қалпына келтіру кезінде ұйқышылдық, ашуланшақтық және шаршаудың жоғарылауы қалады.

Диагностика. Дәрігер науқастың клиникалық көріністері мен шағымдары бойынша диагноз қояды. Қосымша тағайындалуы мүмкін: қан мен зәрді жалпы талдау; серологиялық зерттеу (баланың қан сарысуындағы қызылша вирусына антиденелерді анықтау); қаннан вирустың бөлінуі; кеуде қуысының рентгенографиясы (ерекше жағдайларда ғана жасалады); электроэнцефалография (жүйке жүйесінде асқынулар болған жағдайда ғана жүргізіледі). Көптеген жағдайларда диагноз маманға қиындық туғызбайды.

Балалардағы қызылшаны емдеу. Балаларда диагноз қойылған қызылша жағдайында емдеу көп жағдайда үйде өтеді. Егер курс ауыр болса, науқас ауруханаға жатқызылады. Сондай-ақ, қызылшаның асқынуы бар немесе үй жағдайлары тиісті күтімді ұйымдастыруға мүмкіндік бермейтін балалар ауруханаға жатқызылады. Міндетті ауруханаға жатқызу 1 жасқа дейінгі балалар мен жабық балалар мекемелеріндегі балалар үшін қолданылады. Қызылшамен ауыратын балаға нақты емдеу қажет емес. Бірақ төсек демалысы мен гигиенаны сақтау керек. Сондай-ақ, науқасқа көп мөлшерде ішу (бұл дегидратацияның алдын алады) және оңай сіңетін, дәрумендерге бай тағам көмектеседі. Бөртпелерді ештеңемен майлаудың қажеті жоқ. Баланы бөлме температурасында сумен жуу жеткілікті. Температура төмендегеннен кейін ғана шомылуға болады. Қызылшаны емдеу симпто-

матикалық болып табылады. Мұрыннан су ағу кезінде-мұрынға тамшылар, жөтел кезінде-жөтелге қарсы дәрі-дәрмектер, температурада-антипиретиктер және т.б. жалпы белгілерді (жөтел, температура) жеңілдету үшін әртүрлі қақырық түсіретін және антипиретикалық препараттар қолданылады. Алдын алу үшін конъюнктивит кезді жылы шай қайнатқышына малынған мақта тампонымен жуады. Антибиотиктер, әдетте, қолданылмайды. Олар асқынуға күдік туындаған кезде тағайындалады.

Балалардағы қызылшаның алдын алу оның денсаулығы мен толыққанды дамуының маңызды компоненттерінің бірі болып табылады. Сондықтан қызылшаға қарсы егу профилактикалық егу күнтізбесіне кіреді. Алғашқы вакцинация 12-15 айлық дені сау балаларға беріледі. Вакцинаны қайта енгізу (ревакцинация) 6 жасында, мектеп алдында жүзеге асырылады. Вакцинада баланың иммунитеті дамитын тірі әлсіреген қызылша вирустары бар. Қызылшаға қарсы егу реакциясы әртүрлі болуы мүмкін. Кейде балаларда температураның 37,5-38С дейін шамалы көтерілуі байқалады. Бұл вакцинациядан кейін 5-8 күн ішінде болуы мүмкін және бір-үш күнге созылуы мүмкін. Сонымен қатар, нәресте дене температурасының жоғарылауы аясында аллергиялық реакцияны немесе жеңіл құрысуларды дамыта алады.

Қызылшадан қорғану жолы - ол тек вакцинация. Сондықтан да өз және балаларыңыздың денсаулығын сақтау үшін қызылшаға қарсы екпе алуға шақырамыз!

**Е.ҚАНЫБЕКОВ,**  
Созақ аудандық орталық ауруханасының  
инфекционист дәрігері.





келеді. Бұл балғын балуаның аты Ахмет, Мақсұт тегі. Ахмет балуан баламыздың жетістіктері жайлы мұнан алдын да жазғанмын. Сол, Созақ спортының, күресінің келешегі Ахмет Асетұлы да Әкбарбағасының жолын ғана қумай, жетістігін де қайталап, Қараша айының 8-10 күндері Қызылорда облысы, Жаңақорған жерінде өткен Республикалық жарыстың жеңімпазы атанды. Нақтырақ айтсам, республикалық турнирде +75 кг салмақ дәрежесінде күрескен Ахмет Мақсұт балуан финалда бақ сынап, жүлделі II орынды иеленді. Байқасаңыздар, балғын балуанымызды алдын республикалық турнирдің жеңімпазы дедім, мұның да екі түрлі себебі бар: Біріншіден, шынында

## Әлем чемпионы атанды

Созақ спортын сөз еткен жерде күрестің орыны ерекше екенін әрдайым айтып, жазып жүрміз, жаза да береміз. Өйткені, Созақ күресінің аудандық спорт саласына қосқан үлесі зор. Әрине, бұл жетістікке жетуімізге балуандарымыздың сіңірген еңбегі мол деп, мың жерден мақала жазсақ та, тура сондай етіп, сол балуандарымыздың бапкерлерінің ерлікке парапар еңбегін жазуға да тура келеді. Себебі, спортшының бағын келтіретін Жаратушының жомарттығы болса, бабын келтіретін міне, нақ осы

Житсу» жекпе-жек спорт түрінен 100 келі салмақ дәрежесінде Әлем чемпионының III дүркін жеңімпазы болғанының өзі әбден жеткілікті деуге болады. Нақтырақ айтсам, Қараша айының 10 мен 14 аралығында Латвия елінде Жиу-Житсудан Әлем біріншілігі болып өтті. Кілең сен тұр, мен атайын дейтіндей саңлақ спортшылар қатысқан байрақты бәсекеге Қазақстан Республикасы атынан Созақ спортының саңлағы Әкбар Елубайұлы да барып бағын сынады. Әдеттегідей 100 келі

ақтық сайысқа жетіп, жүлделі екінші орынды иеленудің өзі жеңіс. Екіншіден, Ахмет Асетұлы осы бір маңызды ел чемпионатында жүлделі екінші орынды иеленіп қана қоймай, Спорт шеберлігіне үміткер атағын да қорғады.

Сонымен, Созақ күресінің саңлақтары, Бақытжан бапкердің қос шәкіртінің: Әкбардың Жиу-Житсудан Әлем чемпионатының III дүркін жеңімпазы, ал, Ахмет Асетұлының республикалық жарыстың күміс жүлдегері атанып, Спорт шеберлігіне



бапкерлер. Ал енді, Созақ күресі жайлы сөз еткен жерде соңғы кездері шәкірттері аудандық және облыстық біріншіліктерді былай қойып, республикалық, тіпті, әлімдік жарыстарда жеңімпаз атанып жүрген белгілі бапкер Бақытжан Бейсенбаевтың еңбегін ерекше атауға болады. Бұған, Бақытжанның бел шәкірті, ауданымыздың мақтанышы Акбар балуанының міне үшінші рет «Жиу-

салмақта бәсекелес шақ келтірмеген Созақ оғланы үшінші дүркін Әлем чемпионы атанды. Еліміздің көк байрағын Латвия елінің көгінде желбіретіп, ән ұранын шырқатып қайтты!

Ал енді, Бақытжан бапкердің жылдар бойғы еңбегінің жемісі, жеңісті жетістігі Әкбармен аяқталмайтынын оның тағы бір бағы мен бабы келіскен балғын балуаны дәлелдеп

үміткер атағын қорғап қалғаны барша Қазақ еліне, Созақ жұртшылығына құтты болсын! Әлем чемпионатының III дүркін чемпионы атанған Әкбар Елубайұлы секілді саңлақ спортшыларымыздың қатары артып, Бақытжан бапкердің Әкбардың жеңісті жолын жалғайтын Ахмет сынды шәкірттері үмітін ақтап, еңбегін жандыра берсін!

Данияр БЕК.

## Сүйінші!

# Жаңа кітап жарыққа шықты

Мақсат ҚАРҒАБАЙ

## БАБАТАМ - БАБАМ МЕКЕНІ



Жақында Шымкент қаласындағы баспадан жергілікті Бабата ауылының тумасы Сержан Құндызбекұлының бастамасымен, ақын Мақсат Қарғабайдың құрастыруымен «Бабата-бабам мекені» атты кітап өмірге келді. Жарты-төбе совхозында, Шолаққорған автокөлік мекемесінде көлік жүргізуші қызметтерін атқара жүріп елдің ризашылғы мен алғысына бөленген, қарапайым еңбек адамы Сайлаубек Құндызбек Асайынұлының елеулі істері жазылған. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы қазан айында Қызылорда облысына барған іс сапарында еңбек адамдарымен жүздесу кезінде: «Шын мәнінде еңбек адамдары халқымыз үшін ең қажет азаматтар. Ең алдымен, біз еңбек адамдарына құрмет көрсетуіміз керек. Сондықтан мен сіздерді қолдаймын» деген болатын. Осы орайда Сіздерді қолдарыңызға тигелі отырған кітапта еңбек адамы, оның замандастары, өмір тынысы, тіршілік, сағыныштар мен қауышулар, ескі күндер естеліктерін арқау еткен. Ендеше жаңа кітап құтты болсын!

«Созақ үні»-ақпарат.

## Дауды медиация рәсімі арқылы аяқтаудың тиімділігі зор

Медиацияда тараптардың жетістікке жету мүмкіндігі зор, себебі бұл медиатордың кәсіби көмегін алуға, жақтардың бір келісімге келуіне бағытталған. Медиацияның тарихы тереңде. Адамдар арасында алғашқы дау қай кезде туындаса, бітімгершілік те сол заманда пайда болған. Өткен ғасырларда қазақ қоғамындағы әлеуметтік құрылымда билер аса маңызды орынға ие болып, тек ел басқарушы ғана емес, сонымен бірге сот билігін жүзеге асырушы-судья ретінде де танылған. Медиация процедурасын қолданудың бірден бір ерекшелігі-медиация бұзылған қатынасты қалпына келтіруді мақсат етіп, келісімі жүзеге асыру барысында жанжалдың негізінде жатқан сезімдер, эмоцияларды, тілектерді зерттеу нәтижесінде медиатор тараптардың психологиялық қарым-қатынастарын қайта қалыптасуға көмек беруге ұмтылады. Тағы да бір ерекшелігі-медиация процедурасы келісімді жүргізудің негізі ретінде тараптардың ұстанған бағыттарын емес, олардың мүдделері негізінде жүзеге асырылады. Медиацияның басты мақсаты –кінәлілерді іздеу емес, ортақ шешімге келу жолдарын іздестіре отырып, екі тарапты қанағаттандыратын, келісілген шешімге қол жеткізу болып табылады. Соттағы іс жүргізу процесін айырмашылығы, медиация –еркін процесс. Рәсім сипаты жағынан жария емес процесс. Онда тараптар дауды қарайтын тұлғаны, яғни медиаторды өздері таңдайды. Медиацияның тиімділігі- Дауласушы тараптар қысқа мерзімде келісімге келуге мүмкіндік алады; іс сот медиациясы тәртібімен аяқталғанда талапкерге мемлекеттік баж төленген шығын қайтарылады; дамуды сот медиациясы тәртібімен реттеу туралы келісім судьямен бекітілгендіктен, тараптар дауды тез шешуге қол жеткізеді, келісім орындалмаған жағдайда, атқару парағы келісімді мәжбүрлеп орындау үшін берілуі мүмкін.

Б.САҒЫНТАЕВ,

Созақ аудандық сотының судьясы.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директордың міндетін уақытша атқарушы: Теңізбаев Сәрсенбек Сайлаубекұлы

Бас редактор: Теңізбаев Сәрсенбек Сайлаубекұлы  
Жауапты хатшы: Мақсат Қарғабай  
Редакция құрамы:

Аға тілші- Нұржамал МАЙУСОВА  
Тілшілер- Данияр БЕКОВ  
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ  
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ  
Дизайнер- Асхан БАҚТЫБАЕВ  
Терімші- Бағила АЯЗБАЕВА  
Фототілші- Құрманш КЕРІМҚҰЛОВ

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады  
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс № таралымы - 3500 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.